

## БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ

## Қызықты география 5-6 сыныптар арасында

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.02.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/47083/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**5-6 сыныптар арасында**

**Мақсаты:** Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ізденімпаздылығын, ойлау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашылық қабілеттері мен топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы сыни көзқарастарын дамыту;

**Мұғалімнің сөзі**

Құрметті «Қызықты география» интеллектуалдық сайысының көрермендері мен қатысушылары. Бүгінгі сайысымызға 5-6 сынып оқушылары қатысады

Ақыл –адамды аздырмайтын ем,

Шолғыншысы-ой

Білім—таусылмайтын кен.

Жолдасы—кәсіп,

Адамның басшысы—ақыл

Қорғаны—сабыр,

Жетекшісі –талап

Қорғаушысы—мінез

**Ойын 5кезеңнен тұрады:**

1 . «Таныстыру»

2. «Тапқыр болсаң, тауып көр»

3. «Менің елім»

4. «Көрермендер сайысы»

5. «Капитандар сайысы»

**1 — кезең. «Таныстыру»**

**2 — кезең. «Тапқыр болсаң, тауып көр». Жұмбақ шешу**

Аяғы жоқ жүреді,

Жоғарыдан төмендеп. **(Су)**

Зу — зу етеді,

Түртіп кетеді. **(Жел)**

Тас тәрізді түрі бар,

Жақсаң - үйің жылынар. **(Көмір)**

Аппақ құдай басы бар,

Сан ғасырлық жасы бар. **(Тау)**

Мен ылғи таң қаламын көремін де,

Төрт емес, бір маусым бар ол өңірде? **(Экватор)**

Еркелеп жатамын,

Қаңтарда қатамын. **(Көл)**

Үйге кірдің қара жер,

Назарыңды сала көр.

Шыр үйіріп, үңіліп,

Іздегеніңді таба бер. **(Глобус)**

Суды шашып бұрқақша,

Мұхиттарда жүреді. **(Кит)**

Бір ғажап әлемде жоқ

аймақ көрдім

Алты ай түн, алты ай

күндіз жайлап келдім. **(Арктика)**

Сылдыраған суы бар,

Бұрқыраған буы бар. **(Бұлт)**

### **3 — кезең. «Менің елім»**

Қалалар ойыны. Ойынның шарты алғашқы оқушы қаланың атын айтады келесі оқушы айтылған қаланың соңғы әріпінен басталатын қаланың атын айтады

### **4 — кезең «Көрермендер сайысы»**

1. Қазір республикада . . . . облыс бар, олар . . . . экономикалық ауданға топтастырылған.
2. Қазақстан Республикасы – Еуразия материгінің . . . . бөлігінде орналасқан мемлекет.
3. 2 724,9 мың км<sup>2</sup> Бұл Қазақстан Республикасының . . . . .
4. Қазақстан жер көлемі жөнінен дүниежүзі бойынша . . . . . орныда.
5. Қазақстан оңтүстік-шығысында . . . . . шектеседі.
6. Дүние жүзінде көлемі жағынан Оңтүстік Америка . . . . . орында.
7. Жердің жасы . . . . . жылға жуық.

### **5 — кезең «Капитандар сайысы»**

Ұпай саны: 5 ұпай. Географиялық нысанның аты аталады, сіздер оның не екенін айтасыздар. Мысалы: Анд – тау.

#### **1-топ**

Сахара – шөл

Мадагаскар –арал

Африка –материк

Ертіс –өзен

Алматы –қала

Анаконда –жылан

Каспий –көл

Шолпан – ғаламшар

Тұсбағар – құрал

Темір кені – пайдалы қазба

## **2-топ**

Алтай – тау

Наурызым –қорық

Аустралия –материк

Сібе –өзен

Қызылорда –қала

Калибри –құс

Анхель –сарқырама

Күн – жұлдыз

Термометр – құрал

Гранит – минерал

***Осымен «Қызықты география» атты кешіміз аяқталды. Енді Әділ қазы мүшелері ойын қорытындысын айтып, жеңімпаздарды марапаттайды.«Қызықты география» атты кешіміз аяқталды. Ойынға қатысқандарыңызға рахмет.***

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.